# Қорғаныс мұқтажы үшін жер учаскелерін беру туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 20 маусымдағы № 638 қаулысы

2003 жылғы 20 маусымдағы Қазақстан Республикасы Жер кодексінің 13, 120-баптарына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ**:

1. Осы қаулының қосымшасына сәйкес жалпы алаңы 5,3195 гектар жер учаскелері Қарағанды облысының елді мекендері жерінің санатынан қорғаныс мұқтажы үшін тұрақты жер пайдалану құқығымен Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің мемлекеттік мекемелеріне берілсін.

2. Қарағанды облысының әкімі және Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігі заңнамада белгіленген тәртіппен осы қаулыдан туындайтын шараларды қабылдасын.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі С. Ахметов*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 20 маусымдағы № 638 қаулысына қосымша

## Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің мемлекеттік мекемелеріне тұрақты жер пайдалану құқығымен берілетін жер учаскелерінің экспликациясы

| Р/с № | Жер пайдаланушының атауы | Жалпы алаңы, гектар | Жер учаскесінің нысаналы мақсаты | Жер учаскесінің орналасқан жері |
|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 |
| 1 | «Қарағанды облысы Абай ауданының Қорғаныс істері бөлімі» мемлекеттік мекемесі | 0,0266 | Объектіге қызмет көрсету үшін (шақыру пунктінің ғимараты) | Қарағанды облысы, Абай қаласы, Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 10 жылдығы көшесі, 24 |
| 2 | «Қарағанды облысы Абай ауданының Қорғаныс істері бөлімі» мемлекеттік мекемесі | 0,2393 | Объектіге қызмет көрсету үшін (ғимарат, гараж) | Қарағанды облысы, Абай қаласы, Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 10 жылдығы көшесі, 22 |
| | | | | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 3 | «Қарағанды аудандық пайдалану бөлімі » мемлекеттік мекемесі | 3,9954 | Мүліктік кешенді пайдалану үшін | Қарағанды облысы, Саран қаласы, Ақтас кенті, Кржижанский көшесі, 6 |
| 4 | «Қарағанды аудандық пайдалану бөлімі » мемлекеттік мекемесі | 0,1838 | Қолданыстағы тұрғын үйді пайдалану үшін | Қарағанды облысы, Саран қаласы, Ж. Қожанов көшесі, 21 |
| 5 | «Қарағанды облысы Жезқазған қаласының Қорғаныс істері басқармасы » мемлекеттік мекемесі | 0,5670 | Объектіге қызмет көрсету үшін (ғимарат, гараж) | Қарағанды облысы, Жезқазған қаласы, Әміралин көшесі, 26 |
| 6 | «Қарағанды облысы Саран қаласының Қорғаныс істері бөлімі» мемлекеттік мекемесі | 0,3074 | Объектіге қызмет көрсету үшін (ғимарат, көліктерге арналған бокстар) | Қарағанды облысы, Саран қаласы, Жеңіс көшесі, 26 |

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК